

Ішкі аудит қызметі

Қорда Тәуелсіз ішкі аудит қызметі жұмыс істейді, ол Қордың Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді, сондай-ақ оған Қордың Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жетекшілік етеді. Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің құрамын, қызметкерлерге сыйақы мөлшерін айқындайды, ішкі аудит саясаты мен рәсімдерін, сондай-ақ жылдық аудиторлық жоспар мен бюджетті бекітеді. Қызмет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қордың жарғысын, Қордың Директорлар Кеңесі бекіткен оның органдарының шешімдерін жылдық аудиторлық жоспарды және басқа да ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады. Ішкі аудит қызметі қызметінің негізгі мақсаты Қордың Директорлар кеңесіне қордағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру болып табылады. 2024 жылы Қызмет жыл бойына жоспардан тыс тексерулерді қоса алғанда, жылдық аудиторлық жоспарды 105%-ға орындады. Ол ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін, сатып алу және инвестициялық қызметтің процестерін, принциптері мен әдістерін жақсарту бойынша ұсыныстар берді, ал ұсынымдардың орындалуын бақылау нәтижелері тоқсан сайын Директорлар кеңесіне ұсынылды. Қосымша, консультациялық жұмыстар шеңберінде Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері жұмыс топтарының құрамында Қордың жекелеген еншілес компанияларын жоспардан тыс тексеруге қатысты, сондай-ақ компаниялардың Директорлар кеңестеріндегі Қордың жекелеген өкілдеріне консультациялық жұмыс көрсетілді. 2023 жылы ішкі аудит қызметі РwC аудиторлық компаниясы жүргізген Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына және

Ішкі аудиторлар институты әзірлеген Этика Кодексіне сәйкестігі бойынша сыртқы тәуелсіз бағалаудан сәтті өтті. Бағалау нәтижелері Ішкі аудит қызметінің қызметі белгіленген стандарттар мен этика нормаларына сәйкес келетіндігін растады, бұл қызмет жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін көрсетеді. Сонымен қатар, 2024 жыл ішінде ішкі аудиторлардың тәуелсіздігіне немесе жеке объективтілігіне теріс әсер ететін фактілер тіркелмеген. Тоқсан сайынғы негізде Ішкі аудит қызметінің есептері Аудит жөніндегі комитет пен Қордың Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралып, талқыланды.

Комплаенс қызметі

«Самұрық-Қазына» АҚ комплаенс қызметі өз қызметінде Қордың комплаенс қызметі туралы Ережені басшылыққа алады, оның жаңа редакциясы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 20 мамырдағы №235 шешімімен, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасымен және комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үздік әлемдік тәжірибелермен бекітілген.

Қордың Комплаенс қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету, комплаенс бағдарламасын дамыту, оның ішінде портфельдік компаниялардың комплаенс қызметтерінің қызметін үйлестіру, коммуникациялар мен оқыту, бастамашылық ақпарат желісін қолдау (жедел желі), тексерулер мен тергеулер жүргізу, үшінші тұлғалармен өзара әрекеттесу, мүдделер қақтығысын анықтау және шешу, Қордың компаниялар тобында комплаенстың басқа да бағыттарын дамыту болып табылады.

2024 жылы Қордың Комплаенс қызметі Қор компаниялары тобында комплаенс функциясын дамытуды, Қор компаниялары тобы деңгейінде комплаенс бағдарламасының жекелеген элементтерін автоматтандыруды және Қор компаниялары тобы қызметінің ашықтығын арттыра отырып, реттеушімен өзара әрекеттесуін дамытуды жалғастырды.

Қор басшылығы адалдық идеологиясын ілгерілетуге және Қордың корпоративтік басқаруындағы қоғамдық бақылауды күшейтуге бағытталған жоспарлы жұмыс жүргізуде. Сондай-ақ, Қор басшылығы дұрыс «Жоғардан тонды» белгілейді, заңнаманың талаптарын және комплаенс саясатын сақтау қажеттілігі атап өтіледі.

Қордың Комплаенс қызметінің басшысы квазимемлекеттік және жеке сектордағы комплаенс функциялары, мемлекеттік органдармен және бизнес-қоғамдастықпен кездесулер мәселелері бойынша норма шығару жұмысына белсенді қатысады.

2024 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына енгізілген өзгерістерге, сондай-ақ 2023 жылғы желтоқсанда Қордың комплаенс функциясының корпоративтік стандартын (бұдан әрі - Корпоративтік стандарт) бекітуге байланысты 2024 жылғы 20 мамырда «Самұрық-Қазына» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының жаңа редакциясында бекітілді.
- Қордың Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 20 мамырдағы шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ Комплаенс қызметі туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді
- 2024 жылғы 11 наурызда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР

Заңының ережелеріне сәйкес Комплаенс қызметі әзірлеген «Самұрық-Қазына» АҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық бекітілді.

- Қор Басқармасының 2024 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен Қор тобының комплаенс қызметтерінің жұмысын талдауды ескере отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ тобының комплаенс функциясы бойынша Корпоративтік стандартқа өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.
- Әдістеме мен есептілікті жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, практикалық қызметте туындайтын проблемалық мәселелерді